



**Автор:** Турмысовна Алия ТУРМЫСОВНА  
**Пән:** Математика  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Жылдамдық, уақыт, арақашықтық  
**Тақырып:** Логикалық есептер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.4.2.2 кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: кеңістіктік фигуралар жөнінде түсініктерінің болуы. Оқушылардың басым бөлігі: кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді талдау және шығару. Кейбір оқушылар: кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді зерттеу, шығару және құрастыру
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Көлеңке пайда болуын, айнаға қарағанда қандай бейнені көретінін түсіндіру
Күтілетін нәтиже:	кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді зерттеу, шығару және құрастыру.
Бағалау критерийлері:	кеңістіктік фигуралар жөнінде түсініктерінің болуы. кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді талдау және шығару.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, көркем еңбек, жаратылыстану
Бастапқы білім:	Жоспарланған жаттығулар

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынталандыру №1 тапсырма Оқушылар өрнектердің мәнін тауып, нәтижелерін өсу ретімен орналастырып найзағай басталар алдында орын алатын жағдайды білетін болады. Найзағай $451 \cdot 203 - 444 \cdot 444 : 11 + 3789 = 54938$ Күн күркіреу $56 \cdot 640 - (11 \cdot 258 - 27 \cdot 35) + 374 \cdot 498 = 400 \cdot 025$ Дескриптор: Амалдардан орындалу тәртібін біледі Есептің шешімін табады; ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Топтық жұмыс №2 тапсырма Бес бұрыш жасау үшін қағаздан ені 3 см болатын жолақ қиып алады, сосын оны түйіндеп байлайды. Оны қатты керіп байлап, бесбұрыш жасайды. Қарындашты қағаз бетінен ажыратпай суреттегідей жұлдыз салып көреді Дескриптор: Үлгі бойынша қағаздан бесбұрыш жасайды, салады; ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау Оқу мақсатын таныстыру: сен кеңістіктік ойлауды дамытатын логикалық есептер шығаратын боласың.	Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Өзіндік жұмыс. 3 тапсырма Тапсырманы орында. а) Сен неше үшбұрыш көріп тұрсың? ә) Қарындашты қағазданажыратпай жұлдыз сала аласыңба? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау №4тапсырма Берілген фигурабірдей 7 шаршыдан тұрады. Оның периметрі – 112 см. Фигураның ауданынешеге тең? Шешуі: Оқушылар алдымен фигураның қабырғаларыныңсанын анықтайды. <math>112 : 16 = 7\text{см}</math> – шаршының бір қабырғасының ұзындығы<math>7\text{см} \cdot 7\text{см} = 49\text{см}^2</math> – бір шаршының ауданы <math>49 \cdot 7 = 343\text{см}^2</math> – фигураның ауданы Жауабы: фигураның ауданы 343 см<sup>2</sup> тең Дескриптор:фигураның қабырғаларының санын анықтайды. шаршының бір қабырғасының ұзындығы анықтайды. фигураның ауданы анықтайды. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау Жұптық жұмыс №5 тапсырма«Жұптас, ойлан, бөліс» әдісі.</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Оқулық, дәптер, текшелердің модельдері.</p>
Сабақтың соңы	<p>Сен зерттеушісің №8 тапсырма Оқушылар берілген фигураларда қанша шаршы барын анықтайды. Ол үшін бір шаршыны екінші рет қайталамай барлық шаршыларды санап шығады. а) Бірінші фигурада үлкен шаршы – 1, орташа шаршы – 1, кіші шаршы – 4. Барлығы – 6. ә) Екінші фигурада үлкен шаршы – 2, орташа шаршы – 2, кіші шаршы – 5. Барлығы – 9. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау «Бас бармақ» кері байланыс</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
Рефлексия	<p>Сөйлемді толықтырыңдар:          – Бүгін мен ... білдім.          – Маған ... қызық болды.          – Маған ... қиын болды.          – Мен тапсырманы ... орындадым.</p>	